

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOBa A, Шaтeнoвa C. Oқyшылардың тiлдiк дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиiмдi әдiс-тәсiлдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тiлiн дамытудың ерекшелiктерi.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

Қорытынды. Біздің елімізде дін қоғамдық өмірдегі рухани келісімді нығайтудағы ықпалды факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстан жағдайында діннің саясатқа тікелей әсерін болдырмайтын белгілі бір алғышарттар жасалды. Ата заңымызға сәйкес Қазақстанда діни негізде партиялар құруға тыйым салынады, бұл поликонфессиялық елдегі саяси тұрақтылық үшін аса маңызды.

Қазақстандық заңнама мемлекеттің діни ұйымдардың қызметіне кедергі болып қоймай, сонымен қатар солардың қызметтеріне өз жәрдем беру міндетін қарастырады. Дәл осы мән-жайға заманауи Қазақстандағы діннің әлеуметтік мәдени институты ретінде даму формалары мен шарттарының дамуын көрсететін заң жасаулық қызметке байланысты болып келеді.

Бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтау үшін діннің интегративті функциясын қолдану керек. Әрине, дін саяси өмірден оқшауланбайды, бірақ барлық трансформациялық процестердің құйынына тартылады, бірақ бүгінгі басты міндет – діни бірлестіктердің саясатқа араласуына, конфессияаралық қатынастарды этносаралық қатынастармен сәйкестендіруге жол бермеу.

Осы жағдайда діни фактордың ықтимал деструктивті көріністерін жоюға нормативтік-құқықтық базаға және аймақ пен мемлекеттің тарихи сындарлы тәжірибесіне негізделген мұқият ойластырылған және барабар мемлекеттік саясат қана қабілетті деп айтқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Зиммель Г. Избранное. Том 1. Философия культуры. Москва: Юрист, 1996.
- 2 Бердяев Н.А. Самопознание (опыт философской автобиографии). Москва: Книга, 1991.
- 3 Шмитт К. Государство: Право и политика // Пер. с нем. и вступ. ст. О. В. Кильдюшова; сост. В. В. Анашвили, О. В. Кильдюшов. Москва: Территория будущего, 2013.
- 4 Лозинский С. Г. История папства. 3-е изд. Москва: Политиздат, 1986.

«АВАІ TV» ТЕЛЕАРНАСЫНДАҒЫ АЛАШ ТАҚЫРЫБЫ

Гаухар Төлекбаева,
ЕҰУ-нің журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты

Алаш ғылыми мұрасының ақталғанына биыл 35 жыл болды. 1988 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Хәлел Досмұхаммедұлы сынды Алаш саяси элитасының еңбектері ақталғанымен, ғылыми еңбектері тек 1989-1990 жылдары ғана жарыққа шықты. Бұл ғылыми

мұра қай салада да әлі толыққанды талқылауға түскен жоқ. Алаш қайраткерлерінің ғылыми еңбектері күні бүгін толық басылмады. Қазіргі таңда тек Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханның ғана толық академиялық жинағы жарық көрді.

Сондықтан, 2022 жылы басталған «Жаңа Қазақстан» саяси-әлеуметтік контекстінде Алаш тақырыбын қайта қарастыру жаңа деңгейге көтерілді. Әрі қазіргі қазақ қоғамында Алаш идеясына деген ерекше қызығушылықтың бары анық байқалады. Өйткені, өткенінді зерделемей, бүгіннің мен ертеңінді дұрыс таразылай алмайсың. Осы тұста Алаш тақырыбы Қазақ телевизиясынан да кеңінен насихаттала бастады. Телевидение идеялық және шығармашылық тұрғыда жаңаруға талпынды. «Жаңа Қазақстан» контексті тележурналистерге тар идеологияның шеңберінен шығып, ұлттық мүдде туралы, Алаш қайраткерлері мен олардың еңбектері туралы ойды ашық айтуға мүмкіндік туғызды. Соңғы жылдары баспасөз беттерінде Алаш тарихына, оның көрнекті тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына қатысты мақалалар көп жарияланғанымен, «Qazaqstan», «Хабар» және «Abai tv» телеарналарында Алаш тақырыбы арнайы жоба ретінде ғана ара-тұра берілетін. Тек 2020 жылдан бастап Қазақ телевизияларында Алаш тақырыбына арналған телебағдарламалар, телесериалдар мен телехикаялар түсірілімі қолға алынды. Сондықтан, диссертация тақырыбы өте өзекті әрі заманауи қажеттіліктен туған деп есептеймін.

2020 жылы 30 маусымда отандық бұқаралық ақпарат кеңістігінде елеулі оқиға болды. Хакім Абайдың 175 жылдығы аясында мәдени-ағартушылық бағыттағы «Abai tv» телеарнасы дүниеге келді. Төл өнеріміз бен мәдениетімізді, әдебиетіміз бен тарихымызды, салт-дәстүрімізді насихаттауды мақсат еткен жаңа телеарна ұлт руханиятының дамуына жаңаша серпін берді. Ұлттық рухани құндылықтар, өнер мен мәдениет, білім мен өркениет жолын дамытуды көздеген телеарна ашылғалы бері тарихи сана мен ұлттық рухты қалыптастыру, ұлттық өнер мен мәдениетті дамыту жолында үш жылда 4558 эпизодтан тұратын 183 бағдарлама көрермен назарына ұсынылған. Олардың жанрлары да сан алуан. Солардың арасынан айрықша назарға ілінетін Алаш тақырыбына әзірленген жобалар. Олардың жалпы саны - 15. 2020 жылы - 4 бағдарлама, 2021 жылы - 5 бағдарлама, 2022 жылы - 4 бағдарлама, 2023 жылы - 3 бағдарлама жасалған. Олардың үшеуі үш жыл қатарынан жүрген циклдық жобалар, қалған 11 бағдарламаның бірнеше шығарылымы ғана Алаш тақырыбына арналған. Енді Алаш тақырыбына қатысты тележобаларға тоқталайық:

1. «Абай мектебі» деректі фильмі. Ұзақтығы – 25 минут. Журналист Қанат Тілеуханның екі бөлімнен тұратын журналистік зерттеуі «Тұрағыл Абайұлы» және «Уәйіс Шондыбайұлы» деп аталады. Автор Тұрағыл Абайұлы мен Уәйіс Шондыбайұлы жайлы бұрын-соңды айтылмаған деректерге баса мән береді. Тұлғалардың туған жеріне ат басын тіреп, ұрпақтарымен

жолығып, олардың ақындық ортасы мен азаматтық болмысына үңіледі. Сол тұста Алаш автономиясы құрылғанын, оған Семей өңірінен Орынборда өткен 1-ші жалпықазақ съезіне қатысқаны туралы деректерге тоқталады. Олар Алаш қозғалысының Семей өңірінен шыққан өкілдері болды. Кейін Тұрағыл Абайұлы Алаш әскері полкін ұйымдастыруға қатысып, қуғынға ұшырайды. Тұрағылмен қоса інілері мен ұлдары Мекайыл, Жебірейіл, Искайыл, Зүбәйір де ауыр тағдыр кешеді.

2. «Дәуір даналары» деректі фильмі. Ұзақтығы – 40 минут. Бұл жобаның 14 шығарылымы «Әлихан Бөкейхан», «Ахмет Байтұрсынұлы», «Міржақып Дулатұлы», «Жүсіпбек Аймауытов», «Хәлел Досмұхамедов», «Мағжан Жұмабай», «Нығмет Нұрмақов», «Барлыбай Сырттанов», «Ахмет Бірімжанов», «Қайым Мұхамедханов», «Әлімхан Ермеков», «Мұстафа Шоқай», «Мұхамеджан Сералин», «Мұхтар Әуезов» деп аталып Алаш арыстарына арналады. Деректі фильмде Алаш атауын ту етіп, жүрегіне жалау етіп, елінің азаттығы үшін күрескен тұғыры биік тұлғалар туралы тарихи шындық баяндалады. Алаш тарихын зерттеушілердің пікірлері жазылып алынған. Тарихи оқиғалар көркем түрде түсірілген.

3. «Беймәлім дерек» бағдарламасы. Ұзақтығы – 20 минут. «Ахмет Байтұрсынұлы», «Санжар Асфендияров» атты екі бөлімнен тұрады. Аты айтып тұрғанындай, бұл жобада қос тұлға жайлы бізге бұрын беймәлім болған деректер жарияланады. Мысалы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Тілтанытқыш» атты кітабы, «Мәдениет тарихы» және нұсқаулық кітабы әлі күнге дейін табылмаған. Екінші мәселе – бүгінде Ахаңның бірнеше әнінің халық әндері деп айтылып жүргені. Оның музыкалық қабілеті, домбыра, скрипка аспабында ойнағаны да көп айтыла бермейді дейді. Ал, дәрігер, қайраткер Санжар Асфендияровтың өмірі жайлы бағдарламада оның отандық медицинаға сіңірген еңбегі, жер-су реформасын әзірлеуге қатысуы жайлы тың мәлімет берілген. 1927 жылы ол Мәскеудегі Нариманов атындағы Шығыстану институтының ректоры болып тағайындалады. 1928 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне ректор болады. «Қазақстан тарихы» еңбегін жазады. 1937 жылы тұтқындалып, қолжазбаларының жартысы жоғалып кетеді. «Халық жауы» атанып, бір жылдан кейін атылады.

4. «Беймәлім алаш» сериясы. Қазы Нұрмұхамедұлы, Аққағаз Досжанова, Елдес Омаров, Бақтыкерей Құлманов, Айдархан Тұрлыбаев, Райымжан Мәрсеков, Уәлитхан Танашев, Қошке Кемеңгеров жайлы деректі фильмдер. Фильмде Алаш арыстарының бұрын көп зерттеле қоймаған тұлғалары мен сол кездегі қазақ даласының сегіз қиыр, төрт тарабына жасалған беймәлім сапарлары қамтылған. Алаш рухын аспандатқан деректі фильмдер топтамасы.

5. «Архивтегі аманат» бағдарламасы. Ұзақтығы - 22 минут. «Алаш әскері». Алаш әскері қалай құрылды? Бұл істің басында кімдер тұрды?

Бұл сұраққа жауапты осы бағдарламадан табамыз. Ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейхан тапсырмасымен «Алашорда» бүкілқазақтық ұлт кеңесі

кұрылып, халық милициясын жасақтау, яғни елдің қауіпсіздігін қорғайтын әскер құрылған.

6. «Сарасөз» сұхбаты. Ұзақтығы – 30-40 минут. Ахметтанушы Серікбай Оспанмен «Ұлт ұстазы -Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында сұхбат. Мағжан Жұмабай жайлы ғалым Дихан Қамзабекпен сұхбат.

Ахметтің жерлесі, ахметтанушы ғалым Серікбай Оспан көрерменге Ахмет өскен орта, оның шығармашылық әрі күрескерлік рухының негізі қаланған кезең туралы толық мәлімет береді. Ал, ғалым Дихан Қамзабек болса Мағжан Жұмабайдың ақындық қуаты, оның қайраткерлік қырын терең қаузадайды.

7. «Сөзтаным». Ұзақтығы – 35 минут. Тақырыбы: «Ахмет Байтұрсынұлы». Тіл маманы, профессор Шерубай Құрманбайұлы жүргізген телебағдарламаның бір шығарылымы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған. Студия қонағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Орынай Жұбай ұлт ұстазының тіл ғылымын қалыптастырудағы ұшан теңіз еңбегін жеткізеді.

8. «Абайдың жолы» теледәрісі. Ұзақтығы – 20-25 минут. Профессор Айгүл Ісімақова «Абай тағылымы», Қайырбек Кемеңгер «Алаш оқулықтарындағы Абай өлеңдерінің зерттелеуі» тақырыбында дәріс оқиды. Профессор Айгүл Ісімақова Алаш қайраткерлерін хакім Абайдың рухани ізбасарлары деген тұжырым жасайды. Ал, ғалым Қайырбек Кемеңгер болса алаштықтардың ақын өлеңдерін талдап жеткізудегі еңбегіне тоқталады. Олардың шығармаларындағы барлық ой-тұжырымдар бүгінгі күнмен берік сабақтасып жатыр. Қазақ халқына Ұлы Абайды таныстырған да дәл осы Алаш зиялылары болатын.

9. «Сана» ток-шоуы. Ұзақтығы – 40-50 минут. Тақырыбы: «Ахмет Байтұрсынұлы» , «Ахмет Байтұрсынұлы және съездер». Ахметтанушы ғалымдардың пікірталасы.

10. «Мустафа Шокай». 2 сериялы деректі фильм. Орыс тілінде әзірленген. Ұзақтығы – 40 минут.

11. «Ашық академия». Ұзақтығы - 30-45 минут. Бұл филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісімақованың «Алаш және ғылым» атты 10 бөлімнен тұратын теледәрісі. Профессор «Әлихан Бөкейхан». «Ахмет Байтұрсынұлы», «Смағұл Сәдуақасұлы», «Міржақып Дулатұлы», «Жүсіпбек Аймауытов», «Мағжан Жұмабай», «Қошке Кемеңгеров», «Халел Досмұхамедұлы», «Сәкен мен Ілияс», «Мұхтар Әуезов» атты ғылыми дискурсы. Бұл теледәрісті телеарнаның басты жаңалығы деуге әбден болады. Бұрын Алаш тақырыбына мұндай толыққанды теледәріс болмаған. Ғалым дәрісінде Алаш қайраткерлерінің еңбектерін ғылыми тұрғыда талдап, ашқан жаңалығы мен бұрын соңды біз білмеген деректерді ортаға салады.

Қорыта айтсақ, 3 жылда 11 бағдарлама көрермен назарына ұсынылған. «Дәуір даналары», «Беймәлім алаш» атты деректі фильмдер үш жыл қатарынан үзбей Алаш тақырыбын насихаттауға үлес қосқан. Соңғы кезде

Ұлттық арна ұсынған «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Оян, қазақ! Міржақып Дулатұлы», «Мен жастарға сенемін! Мағжан» телехикаялары мен «Абай» телеарнасындағы «Ашық академия» теледәрісі бүгінде көрермен іздеп көретін, жастарға отаншыл рухтың, ұлтқа ақысыз, шенсіз қызмет етудің үлгісін көрсеткен заманауи телеөнімге айналып отыр. Сондықтан Қазақ телевизиясы іске асырған осындай ауқымды, әлеуметтік маңызды, ғылыми негізді шараны тұңғыш рет осы диссертациямда арнайы зерттеуді қазіргі заманауи ғылымға қажет зерттеу деп санаймын. Ғылыми жұмысымның мақсаты телеарналарда, оның ішінде «Абай» арнасында Алаш тақырыбы қалай берілді, отаншыл, заманауи Ұлттық идеялар қалай ашылды деген сұрақтарға жауап іздеу. Бұл телеөнімдерде Алаш саяси элитасының тәуелсіз мемлекет болу жолында мемлекеттік тіл болуы керектігі, мемлекеттік тіл ғылым тілі болуы қажеттілігі басты ұстаным ретінде қарастырылып, ұлтқа қызмет етудің нақты үлгісі ретінде айқындалады. Бүгінге дейін Алаш тақырыбын зерттеген диссертациялар болғанымен, телевизия саласындағы Алаш тақырыбының зерттелуі тұңғыш рет көзделіп отыр.

Уақыт көрсеткендей Алаш қайраткерлерінің Отанға қызмет ету жолындағы атқарған тарихи маңызды істері, қазақ тіліндегі ғылымды қалыптастырғандығы, қазақ тілін мемлекеттік деңгейде қолданысқа еңгізгендері - бүгінгі жастар үшін қажетті нағыз рухани мотиватор болып табылады. Алаш идеясы бүгінге күнмен сабақтас деп есептеймін. Болашақта Алаш қозғалысы қайраткерлерінің еңбектеріндегі экономикалық көзқарастарды, қоғамды әлеуметтік және рухани-мәдени жаңғырту мәселелерін жаңа Қазақстанда дамыту өте өзекті. Алаштықтар қатарында елін сүйген азаматтар өте көп болды. Олардың ерлік істері әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Олардың шығармаларындағы барлық ой-тұжырымдар бүгінгі күнмен берік сабақтасып жатыр.

КАМАЛ СМАЙЫЛОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ТАҚЫРЫБЫ

Сая Мұратқызы,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты

Андатпа. Бұл мақалада Камал Смайыловтың публицистикалық еңбектерінде көрініс тапқан білім мен ғылымның тақырыптық көрінісі қарастырылған. Ол қырағылығымен, шебер қаламымен осы сынды тақырыптарды ашады. Біз оның білім мен ғылым саласындағы өзекті мәселелерді түсінуге және шешуге қосқан үлесін зерттейміз. Оның осы тақырыптардағы терең ойлы жазбаларын зерделей отырып, біз оның журналистикасындағы айқындық пен тереңдікті үйлестіре білу қабілетіне терең баға береміз. Камал Смайылов өз заманының сын мәселелеріне құнды көзқарас беретін жазушы және ұстаз. Бұл мақала оқырмандарға Смайыловтың